

Күні: 11.01.2022

Қатысқаны:

Қатыспағаны:3

Күн тәртібінде:

1. 1-тоқсан қорытындысы бойынша төмен пайыз көрсетіп тұрған сыныптар бақылау нәтижесін талдау.
2. I-жарты жылдық қорытындысы бойынша үлгерім мен білім сапасын талдау.
3. I-жарты жылдық бойынша оқу- тәрбие жұмыстарының және әлеуметтік педагогтың , мектеп психологтарының жұмыс қорытындыларының есебі.
4. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші және екінші мәселе бойынша бойынша сөз директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К.М. Хақимжановаға берілді

К.М. Хақимжанова I-жарты жылдық қорытындысы бойынша 5-11 сыныптардың үлгерім мен білім сапасына талдау жасап, қорытынды есеп береді. Сөз барысында 1-2 тоқсан қорытындылары бойынша үлгерім мен білім сапасы салыстырылды яғни оқушылар саны, оқу озаттары, оқу екпінділері, білім сапасы. Салыстыру нәтижесінде оқушылардың саны үнемі қозғалыста екені ал оқу озаттар мен оқу екпінділері көбейгенін және соған байланысты білім сапасында көтерілгенін байқауға болады. Сыныптар бойынша білім сапасының мониторингін көрсетіп оның ішінде әр сыныптың әр пән бойынша білім сапасына талдау жасалды. Талдау нәтижесі бойынша 5-сыныптар орыс тілі пәні бойынша -6 білім сапасының түсу деңгейі байқалады және 7-8 сыныптар төмен білім сапасын көрсеткенін көруге болады. Және бір пәннен 3 болып тұрған оқушылар анықталып, қай пән, қай мұғалім беретіні анықталып жеке-жеке түсінік алынды. Сөз соңында білім сапасын төмен көрсетіп тұрған 5д, 7в, 8а, 8б сыныптары қатаң бақылауға алынатыны және бәр пәннен 3ке шыққан оқушылармен қарқынды жұмыс жүргізіу керектігі айтылды. Және орыс тілі мұғалімдеріне орыс тілі пәні сабағын оқыту процесінде оқушы бойына қалай 4 дағдыны толықтай қалыптастыруға болатыны жөнінде тапсырма берілді.

Құдабаева М.К. бастауыш сыныптар бойынша сыныптардың I-жарты жылдықта көрсеткен білім сапасына тоқталып өтті. Бірінші кезекте бастауыш сыныптардың сапалық құрамына тоқталды. Яғни бір мұғалім сарапшыға Қасымханова Ж.Б және екі мұғалім модераторға Салтанбаева А.К, К.М. Жанатқызы жіне санаты жоқ мұғалім санының азайғанын атап өтті. 1-2 тоқсан қорытындылары бойынша үлгерім мен білім сапасы салыстырылды яғни оқушылар саны, оқу озаттары, оқу екпінділері, білім сапасы. Тоқсан соңындағы бастауыш сынып оқушылар саны - 534 оқушы. Және әр сыныптың жалпы білім сапасы, жеке пән бойынша білім сапасы алдыңғы тоқсанмен салыстырылып талдау жасалды. Талдау нәтижесінде жалпы бастауыш сыныптың білім сапасы 1-тоқсан-59%, 2-тоқсан-62% анықталып, көрсетілді. Білім сапасы түсіп кеткен сыныптар анықталып, сынып жетекшісінен толық түсінік алынды. Басты себеп келген - кеткен оқушы санына

байланысты екені анықталды. Сөз соңында білім сапсын төмен көрсеткен сыныптар бакылауға алынып, қарқынды жұмыс істеу керектігі айтылды.

Үшінші мәселе бойынша 1-жарты жылдық бойынша оқу- тәрбие жұмыстарының және әлеуметтік педагогтың , мектеп психологтарының жұмыс қортындыларының есебі.

1. 2021-2022 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесіндегі әлеуметтік педагогтың 1-жарты жылдық есебі жөнінде мектептің әлеуметтік педагогы: Базылканова. Ж. Б тыңдалды. Әлеуметтік педагогтың қыркүйек айындағы сынып жетекшілермен бірлескен жұмыс негізінде , қайырымдылық акциялары өткізілгендігі және әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылар анықталғанын атап өтті. Соған сәйкес жалпыға міндетті оқу қоры бойынша тегін тамақтанатын оқушылар-175 оқушы, 1-сынып оқушылар саны 150 оқушы толықтай тегін тамақ ішеді және меморандум арқылы (демеуші ИП Надежда Қабжанова Гульжан Амангельдинова)-12 бала боқушы аз қамтылған, боқушы көп балалы отбасынан тегін тамақпен қамтамасыз етіліп отыр. Сонымен қатар, оқушылармен әртүрлі кездесулер өткеніде айтылды. Мысалы: «Денсаулыққа зиянды әдеттердің әсері» атты және үй жағдайында оқытылатын оқушылармен кездесу ұйымдастырылып олардың ата-аналарына педагогикалық-психологиялық кеңес берілгені де аталып өтті. Және тәрбие ісінің меңгерушілері, мектеп психолгы мен мектеп медбикесі, әлеуметтік педагогтың бірлесіп атқарылған жұмыстарының есебін көрсетіп, толықтай талданды . Сөз барысында мектеп директоры мектептің әлеуметтік педагогының есебіне әліде толықтыру керектігін ескерті.

2. Психологиялық қызметтің 1-2 сыныптар бойынша 1-жарты жылдық есебі тыңдалды. Психолог: Ә. Б. Болатханқызы өз жұмысының есебінің жоспары бойынша –Ата-аналармен келісім шарт жасау, олармен түсіндіру жұмыс жүргізу, келісім шартты рәсімдеу

- оқушылармен өткізілген психологиялық әдістемелер және олардың қортындылары
- Оқушылармен және ата-аналарға дайындалған жағнамалар
- Есеп беріп отырған уақыттағы жұмыстар нәтижесінің қортындысы туралы айтылып, толықтай талдау жасалынды.

3. Мектептің педагог-психологінің 2021-2022 оқу жылындағы 1-жарты жылдықта атқарылған жұмыстарының есебі 3-4 сыныптар бойынша тыңдалды. Педагог-психолог: Қуан Ұлбүбі өз есебін толықтай таныстырды. Оқу жылының жылдық жоспарына сәйкес 3-4 сынып оқушыларының психодиагностикалық картасы толтырылғаны және 4-сынып оқушыларымен «Мен ерекше баламын» тақырыбында әңгімелесу жүргізілгені, әңгімелесу нәтижесінде оқушылардың қызығушылықтары мен өзін-өзі бағалау деңгейі анықталғанын айтты. Және психодиагностикалық жұмыстарды ойдағыдай атқару мақсатында 3-4 сынып ата-аналарына келісімшарт толтыру жұмыстары жүргізілгеніде аталып өтті. Сонымен қатар сынып жетекші мен және әлеуметтік педагог пен педагог-психологтың бірлесіп мектептегі қиын балалар тізімі жасақталғаны, нәтижесінде 3-4 сынып оқушылар арасынан тәуекел тобына үш оқушы енгізілді. Қыркүйек айынан бастап осы сыныптар арасында көптеген трениктер, сауалнамалар, жиналыстар өткізілгені баяндалды (жаксы қасиетті көре біл, құқығыңыз бұзылды ма? Баланызды қаншалықты білесіз? дұрыс тамақтану және фасфудты тағамдардың адам ағзасына әсері, игра в кальмара, мен бүгіннен бастап...) Сонымен қатар педагог-психолог пен

тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары М.Айқынбаевамен білселіп бастауыш сынып мұғалімдерімен тренинг өткізілгені айтылды.

4. Мектеп педагог-психологы Ташетова.Н.Б 1-жарты жылдық есебі 5-11 сынып бойынша есебі тыңдалды Сөз басында қыркүйек айында педагог-психолог жұмысының жылдық жұмыс жоспары құрастырылғаны және жылдық жоспар негізінде айлық жоспарлар негізінде айлық жоспарлар мен циклограмма жасалғанын мәлімдеді. Мектеп педагог – психологы жұмысының нормативті – құқықтық құжаттарының тізімі негізінде сынып жетекшілерімен біріге отырып оқушылардың жеке психологиялық – педагогикалық карталарын толықтыру жұмыстары жүргізілгенін және сынып жетекшілердің көмегімен 5-11 сынып аралығында оқушылармен психологиялық жұмыс жүргізуге ата-аналардың келісімін жинау жұмыстарының нәтижелі сәтті аяқталғанын атап өтті. Сонымен қатар оқушылармен жұмыс талқыланып нәтижелері талқыланды. 5-сынып оқушыларынан сауалнама алынғаны және нәтижесі пайыздық көрсеткіштер түрінде жараяланды. Және осы 5 сынып оқушыларының жаңадан келген оқушылардың бейімделу үрдісін бақылау мақсатында сабақтарына қатысқанында атап өтті. 5-11 сыныптар арасында көптеген тренинг, сауалнама, жиналыстар мектеп психологы мен мектеп медбикесі және тәрбие ісінің меңгерушілерімен бірлесіп атқарылған жұмыстар есебінің қорытындысы талқыланды.

Төртінші мәселе ағымдағы мәселер бойынша мектеп директоры А.А.Туркестанбаева тыңдалды.

1 Ревакцинация туралы яғни мектеп мұғалімдерінің ревакцинациядан өтулері керектігі жайлы Мектеп медбикесі дайындаған тізім бойынша мектеп мұғалімдері ревакцинадан өту керек.

2 Еңбек дауы мүшелерін тағайындау. 8 мүшеден құралу керек 4 мектеп әкімшілігіне 4 еуі мектеп мұғалімдерінен. Нәтижесінде Еңбек дауының мүшелері болып: мектеп директоры және оқу ісінің меңгерушісі, тәрбие ісінің меңгерушілері және Жаңалық, Айжан Т. Қанат мұғалімдер тағайындалып хатшысы: Қаламқас мұғалім болсын деген шешім қабылданды. Сонымен қатар Әдеп кеңесінің мүшелерінің құрамыда толықтырылды. Және жұмысқа қабылдау комиссия мүшелері де тағайындалды.

3 1-жарты жылдықта біліктіліктерін арттырған мұғалімдерге біліктіліктерін растайтын құжаттарын табысталды.

Қаулы:

1. 1-жарты жылдық қорытындысы қанағаттанарлық және келесі тоқсанда жалпы мектептің білім сапасын 62% жеткізілсін.
2. 1-жарты жылдық бойынша оқу- тәрбие жұмыстарының және әлеуметтік педагогтың, мектеп психологтарының жұмыс қортындылары жақсы деп қабылданды.
3. Ағымдағы мәселелер бойынша жұмыстар жалғасын тапсын.

Педагогикалық кеңестің төрағасы

Мектеп директоры:

Хатшы:



А.А.Туркестанбаева
А.Т. Берлибекова